ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 05 қыркүйек №7119-23-00-2/9167 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М. Утегенова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«ҚР ПІБ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕР:
Букембаев Даулет Капсаметович тұлғасындағы «DAULET-INVEST» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап арызы – қанағаттандырылсын.

Букембаев Даулет Капсаметович тұлғасындағы «DAULET-INVEST» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Букембаев Даулет Капсаметович тұлғасындағы «DAULET-INVEST» ЖК-нен «ҚР ПІБ «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» ШЖҚ РМК пайдасына 27 274,80 (жиырма жеті мың екі жүз жетпіс төрт) теңге 80 тиын тұрақсыздық айыбы, 819 (сегіз жүз он тоғыз) теңге баж салығы, барлығы 28 093,80 (жиырма сегіз мың тоқсан үш) теңге 80 тиын өндірілсін.

Букембаев Даулет Капсаметович тұлғасындағы «DAULET-INVEST» ЖК-нен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.М. Утегенова

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 05.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Утегенова А. М., 19.10.2023

7119-23-3-1/9083